

**"Өңірлер және субсидиялау бағыттары бойынша мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға республикалық бюджетте көзделген қаражатты бөлуін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2012 жылғы 25 мамырдағы № 3-1/273 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 21 қарашадағы № 3-1/587 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 7 желтоқсанда № 8130 тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 мамырдағы № 625 қаулысымен бекітілген Облыстық бюджеттердің мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға 2012 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларының 7-тармағына сәйкес,  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Өңірлер және субсидиялау бағыттары бойынша мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға республикалық бюджетте көзделген қаражатты бөлуін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2012 жылғы 25 мамырдағы № 3-1/273 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7686 тіркелген, « Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 5 маусымдағы № 292-297 (27371) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:  
көрсетілген бұйрыққа қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы департаменті осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Министр* *А. Мамытбеков*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы М и н и с т р і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 1 қ а р а ш а д а ғ ы  
№ 3 - 1 / 5 8 7 б ұ й р ы ғ ы н а  
қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасы  
 Ауыл шаруашылығы министрінің  
 2012 жылғы 25 мамырдағы  
 № 3 - 1 / 273 бұйрығымен  
 бекітілген

**Өңірлер және субсидиялау бағыттары бойынша мал шаруашылығы  
 өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға  
 республикалық бюджетте көзделген қаражатты бөлу**

Облыстар	Шығыс баптары (мың теңге)											
	Сияр еті	Шошқа еті	Қой еті	Жылқы еті	Биязы жүн	Сүт	Қымыз	Шұбат	Құс еті	Жұмыртқа	Шырынды және ірі азықтар	Жиыны, мың теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Ақмола	7 200,0	2 310,0	1 505,0	7 357,0		333 691,0	3 891,0	605,0		891 605,0	146 583,0	1 480 337,0
Ақтөбе	176 088,0	215 600,0	4 000,0	1 2607,0		147 500,0	3 420,0		6 8681,0	233 660,0	69 750,0	931 306,0
Алматы	376 520,0	344 790,0	4 7618,0	2 7054,0	8 7036,0	512 241,0	1 3036,0	4 3691,0	3 808 384,0	1 033 000,0	231 300,0	6 524 670,0
Шығыс Қазақстан	437 281,0	103 600	3 0110,0	4 6954,0	2 676,0	730 100,0	4 3100,0		1 783 825,0		261 450,0	3 439 096,0
Жамбыл	136 433,0	104 566,0	3 000,0	1 9600,0	3 3491,0	5 3500,0	5 814,0	3 300,0		57 772,0	58 500,0	502 976,0
Батыс Қазақстан	249 280,0	2 9400,0	9 200,0	5 2072,0	1 260,0	4 1675,0	6 300,0			222 812,0	172 490,0	784 489,0
Қарағанды	4 560,0	3 66255,0	8 9420,0	1 69240,0		8 2080,0	6 3331,0		315 000,0	911 527,0	201 798,0	2 244 251,0
Қостанай	246 427,0	2 4231,0	500,0	4 692,0		601 000,0	480,0		7 500,0	708 444,0	96 750,0	1 757 524,0
Қызылорда	3 8944,0		4 600,0	9 200,0		9 9401,0	1 061,0	6 533,0			18 000,0	1 77 739,0
Маңғыстау			5 018,0	525,0				2 0719,0				26 262,0
Павлодар	231 168,0	6 4579,0	2 3000,0	5 9966,0		392 290,0	1 5580,0				115 650,0	902 233,0
Солтүстік Қазақстан	142 080,0	128 000,0		499,0		495 480,0	239,0		5 0003,0	484 466,0	93 294,0	1 394 061,0
Оңтүстік Қазақстан	133 701,0	1 7928,0	9 033,0	2 125,0	8 498,0	5 6110,0	1 608,0	2 051,0	456 677,0	238 027,0	47 956,0	973 714,0
Барлығы:	2 285 522,0	1 422 049,0	254 004,0	411 891,0	132 961,0	3 545 068,0	157 860,0	7 6899,0	6 557 570,0	4 781 313,0	1 513 521,0	21 138 658,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК